

Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы N 17 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 ақпанда N 2874 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 желтоқсандағы N 512 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 02.12.2014 N 512 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Кұжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына, 15, 16 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - әлеуметтік көмек).

2. Әрбір мүгедек балаға ай сайын 7581 (жеті мың бес жүз сексен бір) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек ұсынылсын.

3. Келесі шарттар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға (мемлекеттің толық қамтуындағы мүгедек балалардан басқа) әлеуметтік көмек отбасының табысына қарамастан, үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек баланың ата-анасының немесе занды өкілінің біреуіне төленеді;

2) әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап "Облыстың білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық қеңестің қорытындысында бекітілген мерзім аяқталғанға дейін ұсынылады;

3) әлеуметтік көмек төлемі қаржыландырудың түсуіне қарай өткен айға төленеді. Әлеуметтік көмек төлемін тоқтатуға әкеп соғатын (мүгедек баланың 18

жасқа толуы, мүгедек баланың өлімі, мүгедектігін алып тастау) жағдайлар болса, тиісті жағдай болған айдан кейін төлем тоқтатылады.

4. Осы қаулының орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланған күннен соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Уржар ауданы әкімінің міндеттін атқарушы	K. Сейітканов
---	---------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК